**ШЕШІМ**
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН**

2024 жылғы 18 сәуір 7119-24-00-2/3890 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Ішкі істерминистрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
"Tamir group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қазақстан Республикасы Ішкі істерминистрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Tamir group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өндіру туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

"Tamir group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Tamir group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы Ішкі істерминистрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталығы"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 20 181 (жиырма мың бір жүз сексен бір) теңге айыппұл сомасы және 605 (алты жүз бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

"Tamir group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Көшірме дұрыс
Судья Шамшильдин Т.

Заңдық күшіне енген күні – 27.05.2024ж.
Судья Шамшильдин Т.